

**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. М ы н а л а р д ы ң :

379, 380, 381, 382-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

379-ҚОСЫМША

*Ескерту. 379-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1167 қаулысымен.*

**606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**

**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

2006 жылға арналған

"Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 2645457 мың теңге (екі миллиард алты жүз қырық бес миллион төрт жүз елу жеті мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; "Қызметтік телефондар мен мемлекеттік органдар аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормалары туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылу, ыстық және суық су және басқа коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1460 қаулысы . Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 159 қаулысы .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** жүктелген функцияларын барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен үрдісін сипаттайтын бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйені жетілдіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :**

- 1) мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік статистиканы басқару;
- 2) ғылыми әдіснама және халықаралық стандарттар негізінде бірыңғай ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін және жетілдіруді қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік, коммерциялық құпияларды сақтауды және бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 4) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, дұрыстығын және жеткіліктілігін қамтамасыз ету ;
- 5) елде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдістерін жан-жақты және шынайы зерделеу, қорыту және талдау;
- 6) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, өзінің лауазымдық

- міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімін, іскерлігі мен дағдысын жаңарту;
- 7) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық және аумақтық органдары қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту;
- 8) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ақпараттық жүйесін сүйемелдеу, Агенттіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдарда жергілікті есептеу желілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және техникалық қызмет көрсету;
- 9) ведомстволық ақпараттық жүйелердің "Заңды тұлғалар", "Жылжымайтын мүлік тіркелімі", "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ықпалдасуы және одан әрі өзара іс-қимыл жасауы;
- 10) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.*

#### **6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына 20 штат бірлігімен көшіру, оның ішінде: мемлекеттік органның мүлкін Алматы қаласынан Астана қаласына тасымалдау жөніндегі шығыстар; қызметкерлердің жеке мүлкін тасымалдау жөніндегі шығыстар; біржолғы жәрдемақы (көтерме ақы) төлеу жөніндегі шығыстар; қызметкерлер мен	жыл бойына тамыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы

				отбасы мүшелерінің жол жүруіне арналған шығыстар, банк қызметтеріне арналған шығыстар.		Статистика агенттігі
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аумақтық бөлімшелерін бекітілген штат санының лимиті шегінде ұстау. Бекітілген тиістілік нормативіне сәйкес қызметтік автокөлікті ұстау.	жыл бойына	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Статистика органдарының бекітілген біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін мына бағыттағы қызметтерді сатып алу: 1) экономикалық статистика; 2) әлеуметтік статистика; 3) демографиялық және әлеуметтік статистика. Тілдерді оқыту: мемлекеттік, ағылшын тілдері.	жыл бойына	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
5		008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы және Семей қаласындағы статистиканың аумақтық органдарының әкімшілік үйлерінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.	жыл бойына	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
6		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппараты үйіне 3 лифт сатып алу, бөлшектеу, құрастыру және диспетчерлендіру. Бір бірлігінің құны 40 еселенген	жыл бойына тамыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы

				айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарларды, оның ішінде: факсимильдік аппараттарды, көшіру аппараттарын сатып алу. Агенттіктің Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілетін қызметкерлері үшін саны 56 бірлік жаңа тұрғын үй сатып алуға бастапқы жарнаны енгізу.		Статистика агенттігі
7	017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер сатып алу. Лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық қолдау. Ақпараттық жүйе мен жергілікті міндеттерді сүйемелдеу және пайдалану. Жүйелер мен желілерге тұрақты қызмет көрсету. Есептеу техникасының құрал-жабдықтарына техникалық қызмет көрсету. Телекоммуникациялық қызметтер. Есептеу техникасын сатып алу. Мемлекеттік органның Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілуіне байланысты жабдықтарды инсталляциялау жөніндегі қызметтерді сатып алу.	жыл бойына тамыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :**  
Тікелей нәтиже: бекітілген штат санының лимитіне сәйкес Агенттіктің орталық аппаратын 186 бірлік көлемінде және оның аумақтық органдарын 4040 бірлік көлемінде ұстау, Қазақстан Республикасының жеке, заңды тұлғаларынан, Қазақстан Республикасының аумағында өзінің қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар - резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктерінен статистикалық есептер жинау; мемлекеттік тілге оқыту - 393 адам, олардан орталық аппарат - 74 адам, аумақтық органдар - 319 адам; кәсіби деңгейін арттыру - 577 адам, олардан орталық аппарат - 64 адам, аумақтық органдар - 513 адам, соның ішінде: ағылшын тіліне оқыту - 30 адам, олардан орталық аппарат - 30 адам;

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі қызметкерлерінің саны 20 бірлік бірінші тобын Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру.

Түпкілікті нәтиже: жүктелген функцияларын барынша тиімді орындауға қол жеткізу, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен үрдісін сипаттайтын бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйені жетілдіру; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігін 12,9%, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді оқу қажеттілігін 9,8% және мемлекеттік қызметшілердің ағылшын тілін оқу қажеттілігін 0,7% қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: Агенттік пен оның аумақтық органдарының қызметін жақсарту; орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметшісін қаржы-шаруашылық ұстау - 1057,0 мың теңге; аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметшісін қаржы-шаруашылық ұстау - 479,2 мың теңге; статистика органдарының штаттан тыс бір қызметкерін қаржы-шаруашылық ұстау - 184,0 мың теңге; бір мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілге оқытуға жұмсалатын орташа шығын - 11,34 мың теңге; бір мемлекеттік қызметшіні біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 7,58 мың теңге, соның ішінде: бір мемлекеттік қызметшінің ағылшын тіліне оқытуға жұмсалатын орташа шығын - 7,58 мың теңге.

Уақтылығы: жасалған келісім-шарттарға сәйкес жыл бойына.

Сапасы: қызметкерлерді оқыту, олардың еңбек жағдайын жақсарту және халықаралық статистикалық стандарттарды енгізу негізінде статистикалық деректердің сапасын арттыру; кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай, қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, олардың нәтижелері бойынша: мемлекеттік тілге оқыту курсынан өткеннен кейін іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 2,0%, ағылшын тіліне оқыту курсынан өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 4,0%, біліктілігін арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымдарға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 5,0% арттады деп жорамалданады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1235 қаулысына

380-ҚОСЫМША

**606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**

**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

2006 жылға арналған

"Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

## ПАСПОРТЫ

1. Құны : 876495 мың теңге (сегіз жүз жетпіс алты миллион төрт жүз тоқсан бес мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы; "Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысы ; "Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау материалдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы N 1164 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасының экономикалық , әлеуметтік, демографиялық, экологиялық дамуы туралы статистикалық деректерді өңдеу және тарату, статистикалық құралдарды көбейту және жіберу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейде өңдеу, сапасын бақылау және қалыптастыру; мемлекеттік органдарды және жұртшылықты статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету; статистикалық есептілік бланкілерін дайындау және көбейту; талдау жұмыстарын жүргізу; статистика салалары бойынша іріктеп зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату	Статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейде өңдеу, бақылау және қалыптастыру. Статистика агенттігі Статистикалық	жыл бойына	Қазақстан Республикасы

			күралдарды көбейту және жіберу.	жыл бойына	Статистика агенттігі
			Статистикалық жарияланымдарды өңірлік және республикалық деңгейлерде дайындап шығару, көбейту және тарату.	жыл бойына	
			Талдау жұмыстарын жүргізу.	жыл бойына	
			Үй шаруашылықтарына, жер учаскесі иелеріне, мәдениет объектілеріне, сауда орындарына, құю стансаларымен кәсіпорындарға іріктеп зерттеу жүргізу.	жыл бойына	

### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: статистикалық есептілік көрсеткіштерін 100% өңдеу. Статесептілік пен нұсқаулық нысандарының 12 млн. данасын шығару. Жарияланымдарды республикалық және өңірлер деңгейлерде дайындау. 25 талдамалы жұмыстар жүргізіледі. Үй шаруашылықтарына, учаске иелеріне, мәдениет объектілеріне, сауда орындарына, құю стансаларына және кәсіпорындарға Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде зерттеу жүргізу. Түпкілікті нәтиже: пайдаланушыларды статистикалық және талдау ақпаратымен у а қ ы т ы л ы қ а м т а м а с ы з е т у .

Қаржы-экономикалық тиімділік: пайдаланушыларды статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз етуді жетілдіру.

Уақытылығы: ақпараттық жүйені пайдаланушылар санын жыл ішінде 10%-ға өсіру.

Сапасы: пайдаланушыларды уақытылы және сапалы статистикалық ақпаратпен электрондық түрде немесе қағаз тасымалдаушыда қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

381-ҚОСЫМША

**606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**

**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

2006 жылға арналған

"Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**



1. Құны : 24437 мың теңге (жиырма төрт миллион төрт жүз отыз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; " Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : статистиканың халықаралық ұсынымдар мен стандарттарға ұлттық деңгейде бейімделген әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу ж ә н е е н г і з у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : статистиканың әр түрлі салаларында әдіснамалар әзірлеу бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	14 тақырып бойынша мемлекеттік статистиканы қалыптастыру әдіснамасы саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде : 1) статистикалық байқаулар жүргізу процестерін оңтайландыру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды талдау, жетілдіру және әзірлеу ; 2) мемлекеттік статистикалық тіркелімді жүргізуді оңтайландыру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды талдау, жетілдіру және әзірлеу ; 3) статистикалық ақпаратты ұсыну және таратудың әлемдік практикаға сәйкес ақпараттық қызмет көрсетуін жетілдіру бойынша зерттеулер; 4) ұлттық шоттар	жыл бойына  желтоқсан  қараша  қазан  желтоқсан	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

жүйесін қалыптасты- рудың технологиялық процесін жетілдіру бойынша зерттеулер; 5) ағымдағы бағаларда "Input-Output tables" сызбасы бойынша салааралық байланыстарды көрсетудің негізгі тұжырымдамалық тәсілдерін әзірлеу; 6) еңбек өнімділігі- нің көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша халықаралық принцип- терді талдау және енгізу; 7) өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индекстерін өндірістің маусымды- лығын ескере отырып қалыптастыру бойынша әдістерді әзірлеу және енгізу; 8) Қазақстан Республикасы өңірлері бөлінісінде экономикалық қызмет түрлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлем индекстерін қалыптастыру жөніндегі әдістерді әзірлеу және енгізу; 9) әлемдік практиканы ескере отырып сауда статистикасының жаңа көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша ғылыми-әдіснамалық негіз құру; 10) баға индексінің шамасына жекелеген құрамдастардың баға- ның өсуі немесе түсуіндегі үлесін анықтаудың ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеу бойынша зерттеулер; 11) есептелген жалақы мөлшерлері бойынша қызметкерлер санын бөлу қатарларын құрудың ғылыми негізделген критерийлері мен әдістерін әзірлеу; 12) әлеуметтік- экономикалық қызмет типтерінің сыныптамасы. Әлеуметтік топтарды	қараша
қазан	
жел- тоқсан	
қараша	
қазан	
жел- тоқсан	
қараша	

			бөліп көрсету (жұмыстың жалғасы); 13) халықтың статистикалық тіркелімін құру және жүргізу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу; 14) халықтың әл-ауқатын зерттеу және кедейлік шегін анықтау. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметке ақы төлеу.	қазан	
				жел- тоқсан	
					қараша

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 14 тақырып бойынша мемлекеттік статистиканы қалыптастыру әдіснамасы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер, олардан 5 тақырып қолданыстағы әдістемелерді жетілдіру және 9 тақырып мемлекеттік статистика көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдіснаманы құру бойынша жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: ғылыми негізделген, соның ішінде халықты есепке алу, еңбек статистикасы, тұрмыс деңгейі статистикасы, электрондық сауда статистикасы, ұлттық шоттар жүйесінде, құрылымдық, қысқа мерзімді статистика және бағалар статистикасы саласында 1-2-ден әдістемелер жасау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің орташа құны 1745,5 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: орындалған іс-шаралардың белгіленген мерзімдеріне сәйкес жыл бойына.

Сапасы: статистика әдіснамасы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу ұлттық деңгейге 9 еуропалық стандартты, оларды кезең-кезеңмен енгізу мақсатында бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл халықаралық деңгейде мемлекеттік статистика деректерінің салыстырымдылығын арттыруды, яғни деректер сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

382-ҚОСЫМША

**606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**

**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н  
"Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу"  
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның  
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 642665 мың теңге (алты жүз қырық екі миллион алты жүз алпыс бес мың т е ң г е ) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 463 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағына дайындық, жүргізу және материалдарын өңдеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 маусымдағы N 830 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы 2005-2008 жылдарға арналған бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағына жәрдемдесетін республикалық комиссия, Бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жөніндегі Қазақстан Республикасының 2005-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 247 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 1119 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : шағын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мониторингін қамтамасыз ету; санақ аралығындағы кезеңдерде бағалауды әзірлеу кезінде базистік шама ретінде пайдаланылатын ауыл шаруашылығының негізгі сипаттамалары бойынша жиынтық д е р е к т е р а л у ; кейінгі ауыл шаруашылығының іріктемелі зерттеулерін жүргізу үшін байқау объектілерінің негізгі жиынтығын құру; шағын шаруашылық жүргізуші бірліктер (жеке тұлғалар) және шаруашылықтың құрылымдық белгілерінің топтамалары туралы деректер алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : барлық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің толық сандық және сапалық с и п а т т а м а л а р ы н а л у ; экономиканың аграрлық секторын басқаруды нақты ақпараттық-статистикалық қ а м т а м а с ы з е т у д і құру ; қазақстандық ауыл шаруашылығы статистикасының халықаралық стандарттармен салыстырымдылығын қамтамасыз ету;

санақ деректерінің қоры негізінде ауыл шаруашылығы бойынша қолда бар ақпаратты пайдалануды оңтайландыру;  
 жиналған статистикалық деректерді сапалы өңдеу мен талдауды және оларға пайдаланушылардың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу	Ауыл шаруашылығы санағының дайындық жұмыстарын бірінші кезеңін жүргізу соның ішінде: штаттан тыс қызметкерлердің және санақ бойынша тартылған қызметкерлердің еңбегіне, іссапар шығыстарына, коммуналдық және көлік қызметіне, байланыс қызметіне ақы төлеу; оқытып-үйрету семинарларын жүргізу; бұқаралық-түсіндіру жұмыстарын (БАҚ-қа хабарландырулар беру, буклеттер) ұйымдастыру; санақ құралдарын дайындау; картографиялық материалды дайындау; үй-жайлар жалдау; санақ жүргізуге, деректерді өңдеуге арналған бағдарламалық өнімді сүйемелдеу, көбейту; өзге де тауарлар (кеңсе тауарлары, қағаз, санақ мүкаммалы) сатып алу; компьютерлер сатып алу.	жыл бойына  жыл бойына  2,3,4-тоқсан  жыл бойына  2-тоқсан  1, 2-тоқсан 2-тоқсан сан жел-тоқсан  1, 2-тоқсан	Қазақстан Республикасы

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :**

Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңінде, 2006 жылдың тамыз-қыркүйегінде: 2500 жуық ауылдық және кенттік округтерді; 7600 жуық елді мекендерді; 9700 ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, 187 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтарын; 750 мың саяжай учаскелерін; екі миллионнан астам үй шаруашылықтарын қамту.

Түпкілікті нәтиже: "ауыл шаруашылығы" саласын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер алынатын болады: егістік алаңдардың құрылымы, ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптары бойынша егістік алаңдары, жеміс-жидек екпелері, жүзімдіктер туралы негізгі мәліметтер, ауыл шаруашылығы дақылдарына тыңайтқыштар енгізу, инфрақұрылым;

ауыл шаруашылығының негізгі сипаттамалары бойынша жиынтық көрсеткіштерді алу, олар санақ аралығындағы кезеңдерде бағалауды әзірлеу кезінде базистік шама ретінде пайдаланылатын болады, сондай-ақ кейінгі ауыл шаруашылығының іріктемелі зерттеулерін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен де, сол сияқты өңдеумен және сақтаумен де айналысатын барлық тауар өндірушілердің жиынтығын құру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: санақтың дерекқоры санақ аралығындағы кезеңдерде бағалауды әзірлеу кезінде базистік шама ретінде және статистикалық тіркелімді, ауыл шаруашылығы құрамаларының тіркелімдерін жаңғырту үшін пайдаланылатын болады.

Уақтылығы: жыл бойына

Сапасы: елдің азық-түлік ресурстарын қалыптастыруда ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің әрбір санаттары рөлінің даму жағдайы мен үрдістері туралы ақпарат сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Статистикалық байқаудың санақтан басқа ауыл шаруашылығы саласы туралы толық сандық және сапалық ақпарат алу мүмкіндігі бар баламалы нұсқалары жоқ.